«КЕЛІСІЛДІ»
М.Қозыбаев атындағы СҚМУ
«Қазақстан халқы Ассамблеясы»
кафедрасының меңгерушісі
_____________ Л. Гривенная
«_9_» ___11___ 2016 ж.

«БЕКІТЕМІН»
М.Қозыбаев атындағы СҚМУ
тәрбие ісі және әлеуметтік
мәселелер жөніндегі проректоры
_____________ М. Тайжанова
«_9_» ___11___ 2016 ж.

**ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған студенттік авторлық өлеңдер байқауын өткізу туралы**

**ЕРЕЖЕ**

1. **Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған студенттік авторлық өлеңдер байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, тәртібі мен шарттарын анықтайды.

1.2. Байқаудың ұйымдастырылуы мен өткізуілуін М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы жүзеге асырады.

2. **Байқаудың мақсаттары мен міндеттері:**

2.1. Президенттің қазақстандық қоғамды жаңартудағы сіңірген еңбегін мойындау;

2.2. Студент жастардың патриотизм және Қазақстанның болашағы үшін азаматтық жауапкершілігін көтерту.

2.3. Анықтау және дарынды студенттерді қолдау, дамыту, олардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамыту.

3. **Байқаудың өткізілу мерзімі және тәртібі:**

3.1. Байқауға М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде білім алатын барлық мамандықтардың студенттері қатыса алады.
Конкурсқа қатысу үшін қажет **2016 жылғы 21 қарашаға дейін** электронды түрде өтінімді (1-Қосымша) және авторлық өлеңнің мәтінін e-mail: skgu_ank@mail.ru жіберу керек.

3.2. Конкурс екі кезеңде өтеді:
- сырттай (авторлық өлеңдердің баспа мәтіндерін талдау) **21-23 қараша аралығында 2016 жылғы**
- күндізгі (авторлық өлеңдердің тақпақтатылуын бағалау) **23 қараша 2016 ж. 17.00-де ҚХА каф. (каб. 114а/2 корпус)**

3.3. Ұйымдастырушылар өз тарапынан Байқау туралы Ережеге өзгерту енгізу құқығын сақтап қалады.

4. **Бағалау талаптары:**

4.1. Шығарманың мазмұнының тақырыпқа, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес болуы.

4.2. Ұсынылған жұмыстардың көркем құндылығы, өзіндік пайымдауы.

4.3. Шығармалардың поэтикалық жанрдың барлық талаптарға сәйкестігі.

4.4. Авторлық шығармалардың шығармашылық дербестігі.

4.5. Орындаушының сахна мәдениеті, сөзді меңгеру шеберлігі, дикция.

5. **Байқаудың өткізілу шарты:**

5.1. Әр автор байқаудың тақырыбына сай 2-ден артық емес өлеңдерін ұсынуға құқығы бар.

5.2. Конкурсқа қатысушы конкурсқа ұсынылған әдеби шығармалардың **авторы** болып табылатындығына кепілдік береді және ол ешкімнің авторлық құқығын бұзбайды.
5.3. Өлеңдердің атаулары болуы керек.

**Ескерту:** Шығармасында нақты материалдың пайдаланылуы және өзінің соны пікірін білдіруі ***құпталады***. Байқауға ғаламтор желісінен алынған немесе оның түрі өзгертілген мәтіндерді ұсынуға ***қатаң тыйым салынады***.

**6. Жұмыстарға қойылатын талаптар**:
6.1. 97-2003 нұсқасындағы MS Word мәтіндік редакторында ресімделген, шрифті Times New Roman, шрифт өлшемі 14, ара қашықтығы бір интервал;
6.2. Әр жұмыс жеке файлда болуы қажет (файлдың атауы – *қатысушының Тегі, Есімі_тобы_факультеті.*doc);
6.3. Жұмыста көрсетілуі керек: ТЕ, факультеті, тобы, Байқаудың тақырыбы;
6.4. Жазу тілдері – мемлекеттік, орыс, ағылшын.

**7. Байқаудың қорытындыларын шығару және жеңімпаздарды марапаттау.**
7.1. Байқаудың қорытындысы шығару және жеңімпаздарды анықтау **2016 жылдың 25-29 қараша аралығында** (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы, №2 корпус 114а каб.) болады.
7.2. Қазылар алқасы ұсынылған жұмыстарды жабық отырыста бағалайды.
7.3. Байқауға жұмыстарын «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы ғылыми-әдістемелік бірлестігі мүшелерінен, ЖОО-ның басқа кафедраларының оқытушыларынан, сыртқы ұйымдардың өкілдерінен қалыптастырылған Қазылар алқасы бағалайды.
7.4. Ұпай саны бағалау талаптарын есепке ала отырып анықталады. Қойылған ұпайлар ақтық болып табылады.
7.5. Қазылар алқасының шешімімен байқау ережелерінің талаптарына сәйкес келмейтін өлеңдер қабылданбауы мүмкін.
7.6. Байқауға ұсынылған эсселер редакцияланбайды, рецензияланбайды және авторларына қайтарылмайды.
7.7. 2016 жылдың 29 қараша күні өтетін ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған студенттік конференцияда байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне дипломдар табысталады.
7.8. Байқаудың нәтижелері Қазылар алқасы отырысының хаттамасында көрсетіліп, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ сайтында жарияланады.
7.9. Үздік жұмыстар авторлары көрсетіле отырып ҚХА кафедрасының әдістемелік құралы материалдары мен М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың «Парасат» газетінде жарияланатын болады.

**8. Байланыс туралы ақпарат**
СҚО, Петропавл қ., Пушкин көш., 86, №2 корпустың 114а кабинеті
М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы
8(7152) 49-40-74, 8(7152) 49-40-42 * (ішкі 12-55)
Байланысушы тұлға: ҚХА каф. специалисті – Қадырменова Айымгүл Сәкенқызы
с 9.00-13.00 и с 14.00-18.00
e-mail: skgu_ank@mail.ru

**1 ҚОСЫМША**

**ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған студенттік байқауға қатысу үшін тапсырыс**

| Тегі, есімі | Факультеті, оқу тобы | Қатысушының телефоны, e-mail | Жұмыстың тақырыбы |
|---|---|---|---|
| | | | |